

«Көкібел» жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы психологиялық қызметтің жылдық талдауы.

«Көкібел» жалпы білім беретін мектебі педагог-психологтың жұмысы 2023-2024 оқу жылы төмендегідей бағыттарды қамтыды.

1. **Диагностикалау** Бүкіл оқу кезеңіндегі балалардың ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық зерделеу.
 2. **Түзету-дамыту жұмысы** Білім алушылармен және тәрбиеленушілермен жаңа білімге, дағдылар мен қабілеттерге қатысты уәждемені қалыптастыру, оларды игеру мүмкіндіктері, оқу және танымдық қызметте өзін-өзі көрсете алу мүмкіндіктері бойынша жеке жұмыс.
 3. **Профилактика және психологиялық ағарту** Білім алушылар мен педагогтардың кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдесу (сынып сағаттар, семинарлар, ата-аналар жиналысы, педагогикалық кеңестер, интерактивті әдістер мен дәрістер).
 4. **Консультация беру** Білім беру үрдісінің қатысушыларына дербес көмек көрсету.
 5. **Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс** ПҚ жұмысына мониторинг жүргізу және талдау, көрнекі материалдарды дайындау, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің сүйемелдеуімен пәнаралық тәсілді әзірлеу және ғылыми әдістемелік жұмысты жүргізу.
 6. **Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы** жүргізілген жұмыстардың есебі талдамалық есептер.
- Осы бағыттар арқылы жүргізілген жұмыстар**

Қыркүйек

«Бес терек» жобасы бойынша кабинеттік талдау жұмыстарын ұйымдастыру.

1. Әлеуметтік педагогтың мәліметтері.
2. Мектеп инспекторының тіркеудегі отбасылар тізімі.
3. Мектеп инспекторының тіркеудегі оқушылар тізімі.
4. Медбике толтыратын тізім (Д-есебі)
5. Сынып жетекшінің әлеуметтік талдауы.
6. «Жасыл, сары, қызыл» деңгейдегі оқушыларды анықталды.

Жалпы 5-11 сынып аралығында 158 оқушыға кабинеттік талдау жүргізілді. Жалпы нәтижесінде 80 оқушы тізімге алынды.

1-ші сынып оқушыларын диагностикалау. Мектептегі оқуға дайындығына диагностикалауға 27 оқушы қатысты.

ҰБТ-ға оқушылардың дайындығына 16 ата –анадан сауалнама алынды.

Сынып жетекшілері, пән мұғалімдерімен әңгімелесу арқылы үлгермеуші оқушыларды анықтап, тізімге 11 оқушы алынды.

Түзету – дамыту жұмыстары. 1-11 сынып аралығында оқушылармен жүргізілді.

«Арыңды сақта бойжеткен» тақырыбында қыздар жиналысы 5- 11 сынып аралығында өткізілді.
Білім алушылар арасында діни –экстремистік,террористік бағыттардың алдын алу жұмыстары жүргізілді.
Жас мамандарға психологиялық кеңес беру жұмыстары жүргізілді.
Үйде оқытылатын оқушыларға сабақ беретін мұғалімдерге кеңестер берілді.
«Буллинг.Кибербуллинг» жайлы түсіндіру жұмыстары ата –аналарға жүргүзілді.

Қазан

Бітіруші сыныптардың ҰБТ алдындағы қобалжу деңгейін Э.Ховорд әдістемесі бойынша анықталды.

Оқушының үлгере алмау себептері ата-анамен кездесу арқылы анықталды.

«Оқушылардың діни көзқарасын анықтау» сауалнамасы алынды. Мамандық таңдауына байланысты сауалнама алынды.

Тәуекел топтағы (5-11 сыныптар)«Жасыл,сары,қызыл» деңгейдегі оқушыларды анықтап , тізімге алды.Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін тренинг жұмыстары өткізілді.

Эссе талдауын мына сыныптарға жүргізілді.

5-7сынып оқушыларынан «Меніңотбасым»,

8-9сынып оқушыларына «Менің ең жақын досым»,

10-11сынып оқушыларына «Менің арманым».

5-11 сынып оқушыларынан « **Үй,адам,ағаш**» (ДДЧ) проективті әдісін жүргізілді.

5-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды.

«Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында

Тәуекел тобына жататын оқушылармен жүргізілетін жұмыстары жеке жоспар.

1.«Отбасы суреті»

2. «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемелері.т.б. жасалды.

Лиридің «Мен қандай адаммын? » әдісі жүргізілді.

« Қарым –қатынасқа арналған тренинг» өткізілді.

Қараша

1. Буллинг жайлы сауалнама жүргізілді 5-11 сынып аралығында, анықтама жазылды. Анықталған оқушылармен жеке және топтық жұмыс жүргізу керек.
2. PISA сауалнама алынды 9-11 сынып оқушыларынан жалпы 26 оқушыдан.
3. Дарынды балаларды анықтау және психологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді.
4. «Зорлықсыз балалық шақ» сауалнамасы жүргізілді 5-11 сынып аралығында, анықтама жазылды. Анықталған оқушылармен жеке және топтық жұмыс жүргізу керек.
5. «Пікірталас жанжал емес!» тренингі 10-11 сынып аралығында өткізілді.
6. «Мейірімділік асыл қасиет» психологиялық тренинг 8 сыныпқа өткізілді.
7. Мұғалімдерді оқушылардың жас ерекшеліктермен таныстырылды. «Оқушыларды жас ерекшеліктеріне сай оқыту» кеңесі берілді.
8. «Жастықтың өзі - сұлулықтың, нәзіктіктің белгісі» тақырыбында жиналыс өткізіліп, түсіндіру жұмысы жүргізілді.
9. Түлектерге кеңес. ҰБТ-ға дайындалудың тиімді жолдарына кеңес берілді.
10. Ата-аналарға 1-сынып және 5-сынып бейімделу процесі бойынша: «Балаңыз 5-сынып оқушысы» психологиялық кеңес берілді. Оқушының үлгере алмау себептерін ата-ана мен оқушыға психологиялық кеңес берілді.
11. Баламен қарым-қатынастағы проблемаларын шешу мақсатында ата-аналармен тренинг жұмыстары жүргізілді.
12. Стресс және дағдарыс тақырыбында тренинг жүргізілді.
13. Оқушылардың үлгере алмау себептерін ата-анасына және оқушыларға психологиялық кеңес берілді.
14. Оқушының психологиялық-педагогикалық картасы толтырылды 1-11 сынып оқушыларының.
15. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардан «Менің отбасым» проективті әдіс алынды.
16. Оқушылардың тұлғалық мотивациялық аймағына байланысты тренинг өткізілді 1-4 сынып оқушыларымен өткізілді.

Желтоқсан

- 1.Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 7-9 сыныптардан сауалнама алынды.
2. Оқушының психологиялық-педагогикалық картасын толтырылды 1-11 сынып аралығында.
3. «Буллинг» жайлы сауалнама жүргізілді 9-11 сынып оқушыларымен. Сауалнама тексеріліп оқушылармен жеке кеңес өткізілді.
4. «Қарым –қатынасқа» арналған тренинг 9 сынып оқушыларымен жүргізілді.
5. PISA-ға байланысты тренинг жүргізілді 9-11 сынып оқушыларымен.
6. Таным процестерін дамытуға арналған әдістемелермен ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жүргізілді.
7. Үлгерімі төмен оқушылармен тренинг жүргізілді 2-11 сынып оқушылары арасында.
8. Кәсіби өшудің алдын алу бойынша «Тұлғалық өсу және өзіндік сананы айқындау» тренинг жүргізілі мұғалімдермен.
9. « Мен өмірді сүйемін» тақырыбында баяндама оқылды 5-9 сынып оқушыларына.
- 10.Ұрыс-керісті болдырмау үшін 10-11 сынып оқушыларымен «Кікілжіңнің денсаулыққа әсері» тақырыбында тренинг ұйымдастырылып өткізілді .
11. Қыздардың ауру табу себептері (қыс пен күздің суығы) жұқпалы ауруларға ілікпеу(ішімдік ішпеу, темекі тартпау) түсіндіру жұмысы жүргізілді қыздар жиналысында.
12. Профилактикалық іс – шара «ББЖМ қарсанында» 4.9 сынып оқушыларына жүргізілді.
13. Мектеп ата –аналарына « Буллинг. Кибербуллинг» түсіндіру жұмыстары жүргізілді ата-аналар жиналысында.

Қаңтар

1.«Бес терек» жобасы бойынша кабинеттік талдау

жұмыстары ұйымдастырылды.

Жалпы 5-11 сынып аралығында 158 оқушы кабинеттік талдау жүргізілді, нәтижесінде 72 тізімге алынды.

Жасыл-48 оқушы. Сары-21 оқушы. Қызыл-3 оқушы.

2.Эссе талдауына жалпы 5-11 сынып аралығында 158 оқушы қатысты.

5-7сынып оқушыларына «Менің отбасым» - 92 оқушы

8-9сынып оқушыларына «Менің ең жақын досым»- 45 оқушы

10-11 сынып оқушыларына «Менің арманым»- 21 оқушыдан эсселері алынды.

3.«Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында 5-11 сынып оқушыларына

сауалнама алып жалпы 158 оқушы қатысып одан 24 оқушы тізімге алынды.

5-11 сынып оқушыларынан «Үй,адам,ағаш» (ДДЧ) проективті әдісін жүргізілді

4. Жалпы тәуекел тобына 4 оқушы алынды .Жеке жоспарна сай

1. «Отбасы суреті »

2. «Аяқталмаған сөйлемдер.» әдістемесі жүргізілді.

5.Балалармен және мұғалімдермен жеке психологиялық кеңес жүргізілді.

6.Мектеп ата-аналарына «Буллинг.Кибербуллинг» түсіндіру жұмыстарын жүргізілді

7.« Жастар арасындағы діни экстримизмнің алдын алу және имандылыққа тәрбиелеу» ата-аналармен жиналыс ұйымдастырылды.

8.Аутодеструктивті мінез-құлық жөнінде жалпы мәлімет: Ата –аналарға және мұғалімдерге « Өзіне-өзі қол жұмсаудың зардаптары» жөнінде түсінік беру жұмыстары жүргізілді.

- 9.« Нашақорлықтың алдын алу» бойынша баяндама 10-11 сыныптарға оқылды.
- 10.«Отбасы –тәрбиенің ұясы» тренингі ата -аналарға өткізілді.
- 11.Ұстаздар баланың досы,сырласы сол себепті әр бір сынып жетекшілер қыздардың жүрегіне жол тауып, ата-анасына айта алмайтын сырларымен бөлісу тақырыбында ұстаздарға кеңес берілді.
- 12.Түзету-дамыту жұмыстарына «мылқау сыйлық, сандарды құрастырамыз, тілектер» тренинг сабақтары өтілді.
13. ББЖМ -ға оқушыларды психологиялық дайындау мақсатында 4,9 сынып оқушыларымен тренинг өткізілді.

Ақпан

- 1.Жалпы тәуекел тобына алынған 3 оқушымен жеке жоспарна сай жұмыстар жүргізілді.
2. « Терроризмнен азат әлем!», «Біз терроризмсіз әлемді қолдаймыз!» суреттерінің байқауы 7-11 сынып оқушылары арасында болып өтті.
- 3.Ата-аналарға кеңестер берілді.
 4. « Сенің бос уақытың...» «Достық пен махаббаттың айырмасы не?» «Жігітті жолдасынан , қызды құрбысынан таны» тақырыбында пікірталас, түсіндіру жұмыстарын жүргізілді қыздар жиналысы болып өтті.
- 5.Педагогтардың жеке тұлғалық кемелденуіне «Алқа» тақырыбында тренингтер жүргізілді .
6. «Дарынды бала кім?» тақырыбында мұғалімдерге лекция оқылды.
7. « Өзің таңдаған өмір» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларымен тренинг өткізілді.
- 8.« Ашу –ыза билегенде не істеу керек?» тақырыбында 7-11 сынып оқушыларына кеңес берілді.
- 9.Оқушылардың оқу ынтасын арттыруға тренинг 4,9 сынып оқушылары арасында өтті.
- 10.Оқушының сөйлеу қабілетін зерттеу диагностикалық жұмыс жүргізілді ерекше білімді қажет ететін оқушылармен.

11. Үлгерімі төмен оқушылармен тренинг жүргізілді.
12. ҰБТ-сеніммен барайық тақырыбында оқушылармен тренинг, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
13. Мұғалімдерге «Буллинг.Кибербуллинг» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Наурыз

Жалпы тәуекел тобына алынған 4 оқушымен жеке жоспарна сай жұмыстар жүргізілді.

4,9 сынып оқушыларын ББЖМ ға- дайындау мақсатында тренинг жүргізілді 4.9 сынып оқушыларымен.

ҰБТ-ға сенімді арттыру тақырыбында 11 сынып оқушыларымен тренинг жүргізілді.

Дарынды балалармен жұмыс жүргізетін мұғалімдерге арналған психокоррекциялық тренинг жүргізілді.

«Реніштен арылу» жолдары тақырыбында 7-11 сынып оқушыларымен тренинг жүргізілді.

Зейін, ойлау, қиялды дамытуға арналған жаттығулар 2-11 сынып оқушыларымен жүргізілді.

«Мен және менің құқықтарым» тақырыбында дөңгелек үстел

11 сынып оқушыларымен жүргізілді.

«Ойнақтап жүріп от баспа» тақырыбында қыз балаларға жиналыс өткізілді.

Профилактикалық іс – шара «ББЖМ қарсанында» қысқаша лекция оқылды

4.9 сынып оқушыларына.

Жасөспіріммен нәтижелі байланысты қалай орнатуға болады? Тақырыбында ата-аналарға баяндама оқылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Такер тесті аясында 5- 8 сыныпқа жүргізілген диагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша кеңестер берілді.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды дәрігер мамандарға көрсетуге құжаттарын даярлау сәуір айына қалдырылды.

Үрейі, қобалжу деңгейі жоғары 4.9 сынып оқушылармен жеке консультация жүргізілді.

Сәуір

ҰБТ –ға психологиялық дайындау бойынша ата-аналармен мектеп бітіруші түлектерге кеңес берілді.

Ерекше назар аударуды талап ететін оқушылармен жеке жұмыс жасалды.(қиын тәрбиеленушілер, сабақ үлгерімі төмендер,инклюзив)

Тәртібі қиын, қиынға бейім тобындағы оқушылармен жұмыс жасалды.

Қыздардың ауру табу себептері (қыс пен күздің суығы) жұқпалы ауруларға ілікпеу (ішімдік ішпеу, темекі тартпау) түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Мен өмірді сүйемін» тақырыбында баяндама оқылды.

Кәсіби өшудің алдын алу бойынша « Тұлғалық өсу және өзіндік сананы айқындау» тренингі өткізілді.

Мамыр

«Буллинг.Кибербуллинг» жайлы түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Сіз даулы адамсыз ба? 9-11 сынып оқушыларына диагностика жүргізілді жалпы 59 оқушы қатысты. Қажетіне қарай оқушылармен жеке кеңес өткізілді.

Оқушылардың мектептегі қобалжуларын диагностикалау 4 – сынып оқушыларын 5 – сыныпқа өту алдында, 9 – сынып оқушыларын емтихан алдында,11 – сынып оқушыларын ҰБТ алдында қобалжуға байланысты диагностика жүргізілді жалпы 67 оқушы қатысты.

« Реніштен арылу» тренинг өткізілді 6-9 сынып аралығында өтізілді жалпы 123 оқушы қатысты.

«Қызға қырық үйден тыйым» тақырыбында 7-11 сынып қыз балаларына тренинг сабақ өткізілді.

«Адами қарым – қатынас» тренинг өткізілді ерекше білімді қажет ететін оқушыларға.

«Тәуелсіз Қазақстандағы ислам дінінің рөлі» тақырыбында 10-11 сынып оқушыларына

ағарту жұмыстары жүргізілді .